

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар және көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2014 жылғы 22 сәуірдегі N 26/6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 мамырда N 2795 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыздағы № 12/9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 04.03.2022 № 12/9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауылдар және көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының

Қызылжар аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Н. Рақымов

Солтүстік Қазақстан облысының

Қызылжар аудандық мәслихат

хатшысы

А. Молдахметова

КЕЛІСІЛДІ

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданының
Бугровое ауылдық округінің әкімі
23 сәуір 2014 жылы

М. Жоламанов

Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар аудандық мәслихатының
2014 жылғы 22 сәуірдегі № 26/6
шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысатын ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің ауылдар мен көшелер атауы	Бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар және көшелер тұрғындар өкілдерінің саны (адамдар)
Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровское ауылдық округі Новогеоргиевка ауылының тұрғындарына	3
Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровское ауылдық округі Красноперовка ауылының тұрғындарына	5
Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровское ауылдық округі Сосновка ауылының тұрғындарына	4
Бугровое ауылының Интернациональная көшесі	5
Бугровое ауылының Абай көшесі	2
Бугровое ауылының Жамбыл көшесі	2
Бугровое ауылының Солнечная көшесі	3
Бугровое ауылының Школьная көшесі	2
Бугровое ауылының Первомайская көшесі	2
Бугровое ауылының Лесная көшесі	3
Бугровое ауылының Новая көшесі	1
Бугровое ауылының Мир көшесі	6
Бугровое ауылының Жеңіс көшесі	2
Бугровое ауылының Зеленая көшесі	1
Бугровое ауылының Озерная көшесі	2
Бугровое ауылының Центральная көшесі	3

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихатының
2014 жылғы 22 сәуірдегі
№ 26/6 шешімімен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округі ауылдар және көшелер тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округі аумағында ауылдар және көшелер тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиыны (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің әкімі шақырады.

Жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Қызылжар" және "Маяк" газеттері немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округі ауылдар және көшелер шегінде бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округі ауылдар және көшелердің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округі әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округі ауылдар және көшелер тұрғындар өкілдерінің кандидатураларын Қызылжар ауданы мәслихаты бекіткен тұрғындары сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бугровое ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.